

**"Қазақстан Республикасындағы акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және акциялар шығарылымдары мен орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы" Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1996 жылғы 29 қараша N 141. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 қаңтарда N 243 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 тамыздағы N 304 ~V021979 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - ҚР БҚҰК 1998 жылғы 24. 06. N 8 қаулысымен V980088\_

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
қ а у л ы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасындағы акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және акциялар шығарылымдары мен орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы" Ереже бекітілсін.
2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы Ережені тіркеу үшін

Қазақстан Республикасының Әділет басқармасына ұсынсын.

3. Талдау-сараптау басқармасы осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркегеннен кейін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы Ереженің орындалуына бақылау жасау Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және бақылау басқармасына және осы Басқармаға жетекшілік ететін БҚҰК Мүшесіне жүктелсін.

5. Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігіндегі  
Мемлекеттік тіркеу N 243  
1997 жылғы 13 қаңтар

Қазақстан Республикасы  
Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясының  
1996 жылғы 29 қарашадағы

N 141 қаулысымен  
бекітілді

Қазақстан Республикасындағы акциялар эмиссияларын

мемлекеттік тіркеудің, акциялар эмиссияларын жоюдың және акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті бекітудің тәртібі туралы ереже

## ЕРЕЖЕ

ЕСКЕРТУ. Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР БҚҰК  
1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және акциялар шығарылымдары мен орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) K941000\_ , Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 көкектегі "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" заң күші бар Жарлығына U952227\_ , Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 мамырдағы "Шаруашылық серіктестіктері туралы" заң күші бар Жарлығына U952255\_ сәйкес жасалды және Қазақстан Республикасындағы эмиссияларды тіркеу және жою, сондай-ақ акциялар шығарылымдары мен орналастыру қорытындылары жөніндегі есепті бекіту т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

## І Т А Р А У . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасындағы акциялар эмиссияларын мемлекеттік тіркеуді, сондай-ақ акциялар эмиссияларының қорытындылары туралы есепті бекітуді Уәкілетті орган жүзеге асырады, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық к о м и с с и я с ы :

жарғылық капиталының мөлшері 200.000 айлық есепті көрсеткішке тең немесе асатын ашық акционерлік қоғамдар акцияларының эмиссияларын; ашық акционерлік қоғамдар - жарғылық капиталдарының мөлшерлеріне қарамастан банктердің және жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру компанияларының, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары бағалы қағаздармен саудаластықтарды

ұйымдастырушылардың, инвестициялық қорлардың, зейнетақы жинақтау қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың және Орталық депозитарийдің акциялары эмиссияларын;

жарғылық капиталдарының мөлшерлеріне қарамастан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1716 P961716\_ қаулысына сәйкес акцияларының мемлекеттік пакетінің бөлігі қор рыногы арқылы сатылуға жататын ашық акционерлік қоғамдардың акциялары эмиссияларын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық басқармалары (Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген өкілеттіктердің негізінде):

осы тармақтың 1) тармақшасының күші қолданылмайтын ашық акционерлік қоғамдардың акциялары эмиссияларын;

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және оның облыстық басқармалары әрі Уәкілетті орган деп аталады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_ қаулысымен.

2. Мемлекеттік тіркеуге мыналар жатады:

1) акциялардың бірінші эмиссиясы - акционерлік қоғамды заңды тұлға ретінде тіркеген сәттен бастап үш ай ішінде;

2) акциялардың кейінгі (қосымша) эмиссиясы акционерлік қоғамның жарғылық капиталын көбейткен датадан бастап үш ай ішінде;

3) акциялардың бір немесе бірнеше эмиссияларын жою - акционерлік қоғамның қызметін тоқтату (тарату немесе қайта ұйымдастыру арқылы) туралы немесе жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылданған датадан бастап төрт ай ішінде;

4) акциялардың кейінгі эмиссиясын тіркей отырып бір мезгілде бұрынғы бір немесе бірнеше эмиссияларды жою жарғылық капиталды азайту туралы, эмиссиялар құрылымын (санын, түрін, бағалы қағаздар номиналын) немесе акциялардың шығарылым нысаны өзгерту туралы шешім қабылданған датадан бастап төрт ай ішінде.

Эмиссия қорытындылары туралы есеп акциялары орналастырудың қолданылып жүрген заңмен белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін бір айдан кешіктірмей тапсырылады.

Акциялар эмиссияларының қорытындылары туралы есепті тіркеу, жою және бекіту мерзімдерінің бұзылуы акционерлік қоғамдардың лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілік жүктеуге әкеп соғады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_

қ а у л ы с ы м е н .

3. Эмиссиялары осы Ережемен белгіленген тәртіппен тіркелмеген, сондай-ақ кідірітілген, жойылған немесе болмаған деп танылған бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға және оларды жарнамалауға тыйым салынады.

4. Акционерлік қоғамдар тек қана құжатты немесе құжатсыз нысанда атаулы а к ц и я л а р ш ы ғ а р а а л а д ы .

Бағалы қағаздарды орналастыру жабық немесе ашық тәсілмен жүзеге асырылады. Акциялардың алғашқы шығарылымы қоғамның түріне қарамастан, тек - құрылтайшылар арасында жабық тәсілмен орналастырылады.

Акционерлердің тізілімін жүргізуді эмитент бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар тәуелсіз тіркеушіге тапсыру керек. Акционерлердің саны 500 аз және қоғамның қызметкерлер өзінің штатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген, қолданылып жүрген екінші санатты біліктілік куәлігін (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді орындау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығымен) иеленген маман болған кезде эмитент тізілімді өзі жүргізуге құқықты. Акциялар ашық тәсілмен орналастырғанда тізілімді жүргізуді тек қана тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 V990782\_ қаулысымен.

5. Акциялардың эмиссияларын тіркеу, жою немесе қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынылатын құжаттар Уәкілетті органға пошта арқылы немесе белгіленген тәртіппен рәсімделген сенімхаты бар өкіл арқылы жіберіледі.

Қолданылып жүрген заңдармен өзге тәртіптер белгіленбесе, ұсынылған құжаттарды Уәкілетті орган 30 күн ішінде қарайды.

Акциялар эмиссиясын тіркеуден, жоюдан немесе қорытындылары туралы есепті бекітуден және құжаттарды эмитенттің қайтадан ұсынуынан бас тартқан жағдайда, қарау мерзімін санау жаңадан басталады, бұл жағдайда эмиссия проспектісіндегі, қаржылық есептілік, аудиторлық қорытындылары мәліметтер соңғы құжаттарды ұсыну датасына белгіленген талаптарға сәйкес келу керек.

Акциялар эмиссиясын тіркеуден, жоюдан немесе қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартқан кезде эмитент аталған кемшіліктерді жою үшін Уәкілетті органға ұсынылған құжаттардан қажеттілерін алуға құқықты. Құжаттарды алу үшін эмитенттің өкілі Уәкілетті органға сенімхат ұсыну керек және алынған құжаттардың тізбесін жасау керек.

Дау туындаған жағдайда (тіркеуден, жоюдан немесе акциялар эмиссияларының қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тарту туралы шешіммен эмитенттің келіспеуі) оны белгіленген тәртіппен шешу үшін құжаттар



Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынылған құжаттарды ресімдеудің осы Ережеде көзделген тәртібі Қазақстан Республикасында бұрын тіркелген акциялар эмиссияларының барлығына қ о л д а н ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қаулысымен.

9. Уәкілетті орган акциялар эмиссиясын тіркеуден, жоюдан немесе қорытындылары туралы есепті бекітуден:

а) ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және осы Ережеге сәйкес келмеген;

ә) мазмұнында жалған немесе нақты емес мәліметтер бар акциялар шығару, тіркеу немесе жою туралы ақпараттар берілген жағдайларда бас тартуға құқықты .

10. Акциялар эмиссиясын тіркеуден, жоюдан немесе қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тарту жөніндегі Уәкілетті органның шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

11. Уәкілетті орган 10 күн ішінде N 5 қосымша үлгісі бойынша эмитенттің шығыс нөмірінің реттік санын көрсете отырып мемлекеттік кәсіпорындардың және мекемелердің, мемлекеттің үлестік қатысы бар шаруашылық серіктестіктерінің тізілімін ұстаушысын (бұдан әрі - Тізілім ұстаушы) жүргізілген акциялар эмиссияларының эмиссияларын мемлекеттік тіркеу немесе акциялар эмиссияларын жою және акциялар шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті бекіту не олардан бас тарту

туралы жазбаша ескертеді.

ЕСКЕРТУ. Ереже 11-тармақпен толықтырылды - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 11-33-тармақтары тиісінше 12-34 болып саналды - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

12. Акциялар эмиссиясы тіркелгеннен кейін эмитент:

- акциялар жасауға сұраныс береді және дайындайды (құжатсыз нысанда шығарылған кезде) және бағалы қағаздарды заңмен белгіленген мерзімдерде орналастырылады;

- акцияларды ашық орналастыруға эмитент эмиссия проспектісін немесе:

а) акционерлік қоғамның атауы мен орналасқан орны;

ә) эмитент қызметтерінің негізгі түрлері;

б) эмиссия құрылымы және ашық жазылу жарияланған бағалы қағаздардың шығарылу нысаны;

в) әлеуетті инвесторлардың шеңбері;

г) бағалы қағаздарды таратудың басталу және аяқталу мерзімдері;

ғ) эмитенттің тіркеушісі туралы мәліметтер;

д) әлеуетті инвесторлар осы шығарылымның бағалы қағаздарын сатып ала алатын және эмиссия проспектісінің мазмұнымен таныса алатын орындар;

е) эмитент мүліктерінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген ашық жазылу туралы х а б а р ж а р и я л а й д ы :

- акцияларды инвесторлардың арасында орналастырады;

- белгіленген мерзімде акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есеп б е р е д і .

Эмитент осы шығарылымның бағалы қағаздарын сатып алушыларды толық және тең ақпараттармен қамтамасыз етуге міндетті.

13. Акциялар эмиссиясын тіркеу, жою немесе қорытындылары туралы есепті бекіту туралы Уәкілетті орган берген құжаттардың түпнұсқасы жоғалған жағдайда, эмитент құжаттардың жоғалғандығын растайтын ақпаратты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының немесе орталық әділет органының ресми басылымында жариялау шартымен құжаттардың екінші данасын беру жөнінде Уәкілетті органға өтінуге құқықты.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы, қоғамның жарғылық қорды азайту немесе акцияларды жою туралы шешім туралы, акцияларға ашық жазылу жөніндегі хабарламалар туралы ашық үлгідегі акционерлік қоғамдардың ақпараттары, сондай-ақ ашық үлгідегі қоғамның қызметі туралы басқа да ақпарат Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының немесе орталық әділет органының ресми баспа басылымдарында, егер жалпы республикалық өзге басылымдар қоғамның жарғысында айқындалмаса, ж а р и я л а н а д ы .

14. Атауы өзгертілген жағдайда, заңды тұлғаны әділет органдарында қайтадан тіркеген күннен бастап бір ай мерзімді эмитент жаңадан бағалы

қағаздар шығарылымын тіркеу туралы мемлекеттік куәлік алу және эмиссия проспектісіне (шығарылым шарттарына) өзгертулер енгізу үшін Уәкілетті органға қажетті құжаттар ұсыну керек. Уәкілетті орган бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы жаңа куәлікке бұрынғы куәліктің

берілген күнін көрсетеді.

Құжатты нысанда шығарылған акциялардың атауы өзгертілген жағдайда, бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы жаңа куәлікті алғаннан кейін, эмитент әрбір акцияға тиісті жазба жазуға және бұл туралы Уәкілетті органға ескертуге міндетті.

2 ТАРАУ. Акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және қорытындылары туралы есепті бекіту кезінде ұсынылатын құжаттар

15. Акциялардың бірінші эмиссиясы кезінде:

- Өтініш;

- Акционерлердің жалпы жиналысының акциялар шығарылымының нысаны және қоғамның тіркеушісін сайлау (атаулы акцияларда) туралы шешімімен бірге хаттама (хаттамадан үзінді-көшірме);

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- Статистикалық карточканың көшірмесі;

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- құрылтай шартының (оны ауыстыратын құжаттың) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- Құрылтайшылардың жарғылық капиталға жарғылық капиталдың кемінде 50% мөлшерінде салған салымдарын растайтын құжаттар;

- Тіркеушінің акционерлер тізілімінде заңсыз жазбалар жүргізбеу жөніндегі акционерлер алдындағы жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесі, Ұлттық жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдар үшін аталған шартты ұсыну талап етілмейді;

- Құжатты нысан шығарылымындағы акциялардың әрбір түрінің үлгілері (N 1 қосымшаға сәйкес), екі дана;

- Тәуелсіз тіркеушімен жасасқан шарттың көшірмесі немесе маманның біліктілік куәлігімен қоса акционерлердің тізілімін жүргізу туралы ішкі ереже;

- Акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде бағалы қағаздармен жүргізген операциялар үшін салықтың төленгендігін растайтын төлем құжатының көшірмесі;

- қаржылық есептілікке қоса тігілген эмиссия проспектісі (шығарылым



шарттары), екі дана (N 2, 3 қосымшаларға сәйкес).

- бухгалтерлік баланстармен тігілген, N 2 қосымша үлгісі бойынша эмиссия проспектісін екі данада.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2 V980075\_қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қаулысымен.

16. Акциялардың кейінгі (қосымша) эмиссиясы кезінде:

- Ө т і н і ш ;

- Акционерлердің жалпы жиналысының акциялардың қосымша шығарылымы туралы шешімімен қоса хаттама (хаттамадан үзінді-көшірме);

- Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (егер қоғам акциялардың алдыңғы эмиссиясын тіркегеннен кейін қайта тіркеуден өтсе);

- Жарғылық капиталдың өзгертілген мөлшерін көрсетілген статистикалық карточканың көшірмесі;

- Өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе акционерлердің жалпы жиналысының жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімімен қоса хаттама (хаттамадан үзінді-көшірме);

- Құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізген күннен бастап бір ай мерзімдегі тіркеуші органның хабарын растайтын пошталық квитанцияның немесе өзге құжаттың көшірмесі (егер қоғам аталған өзгертулермен қайта тіркеуден өтпесе);

- Өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса құрылтай шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі (жабық үлгідегі акционерлік қоғамдар үшін);

- Тәуелсіз тіркеушімен жасасқан шарттың көшірмесі немесе маманның біліктілік куәлігімен қоса акционерлердің тізілімін жүргізу туралы ішкі ереже (атаулы акциялар шығарылымында, егер бұрынғы шығарылымдарда ұсынылмаса немесе өзгертулер бар болса);

- Акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде бағалы қағаздармен жүргізген операциялар үшін салықтың төленгендігін растайтын төлем құжатының көшірмесі;

- бухгалтерлік баланстармен тігілген, N 2 қосымша үлгісі бойынша эмиссия проспектісін екі данада;

- Аудиторлық қорытынды;

- Акциялардың бұрынғы эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- Акциялардың бұрынғы эмиссияларының қорытындылары туралы есептің көшірмесі және осы есепті бекіту туралы Ұлттық комиссиясының жазбаша ескертуі;

- Мазмұнында қоғамның тіркеушісіне берілген акциялардың 5% көбін иеленген акционерлер туралы мәліметтер бар тізілімнің көшірмесі.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2

V980075\_

қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

17. Акциялардың эмиссиясын жою кезінде (акционерлік қоғамның қызметі тоқтатылған немесе жарғылық капитал азайтылған жағдайда):

- **Ө т і н і ш** ;

- Акционерлердің жалпы жиналысының акциялар эмиссиясын жою туралы шешімімен қоса хаттама (хаттамадан үзінді-көшірме);

- Акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы;

- Уәкілетті органда тіркелген эмиссия проспектісінің түпнұсқасы;

- Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есептің түпнұсқасы және осы есепті бекіту (ескеру) туралы Уәкілетті органның жазбаша ескертпесі;

- Құжатты нысан шығарылымында - акцияларды жою туралы акт немесе Уәкілетті орган тіркеген акциялар үлгілерінің түпнұсқалары (егер акциялар шығарылмаған жағдайда) ;

- Акционерлер тізілімін жабу туралы тіркеушінің анықтамасы (акционерлік қоғамның қызметі тоқтатылғанда) /

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_

қ а у л ы с ы м е н .

18. Бұрынғы эмиссияны жою және бір мезгілде акциялардың жаңа эмиссиясын тіркеу кезінде (жарғылық капитал азайтылған жағдайда, эмиссия

құрылымы немесе акция шығарылымының нысаны өзгертілгенде):

- Ө т і н і ш ;

- Акционерлердің жалпы жиналысының акциялардың бұрынғы шығарылымын жою және жаңа шығарылымы туралы шешімімен қоса хаттама ( х а т т а м а д а н ү з і н д і - к ө ш і р м е ) ;

- Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (егер қоғам акциялардың алдыңғы эмиссиясын тіркегеннен кейін қайта тіркеуден өтсе) ;

- Жарғылық капиталдың өзгертілген мөлшері көрсетілген статистикалық карточканың көшірмесі (егер өзгертілсе);

- Өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе акционерлердің жалпы жиналысының жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімімен қоса хаттама ( х а т т а м а д а н ү з і н д і - к ө ш і р м е ) ;

- Құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізген күннен бастап бір ай мерзімдегі тіркеуші органның хабарын растайтын пошталық квитанцияның немесе өзге құжаттың көшірмесі (егер қоғам аталған өзгертулермен қайта тіркеуден өтпесе);

- Енгізілген өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса құрылтай шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі (жабық үлгідегі акционерлік қ о ғ а м д а р ү ш і н ) ;

- Тәуелсіз тіркеушімен жасасқан шарттың көшірмесі немесе маманның біліктілік куәлігімен қоса акционерлердің тізілімін жүргізу туралы ішкі ереже ( атаулы акциялар шығарылымында, егер бұрынғы шығарылымдарда ұсынылмаса немесе өзгертулер бар болса );

- Акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде бағалы қағаздармен жүргізген операциялар үшін салықтың төленгендігін растайтын төлем құжатының көшірмесі. Жойылуға жатқызылған эмиссияны тіркеу кезінде төленген салық кейінгі эмиссияны тіркеу кезінде есептеледі;

- бухгалтерлік баланстармен тігілген, N 2 қосымша үлгісі бойынша эмиссия проспектісін екі дана да ;

- А у д и т о р л ы қ қ о р ы т ы н д ы ;

- Мазмұнында қоғамның тіркеушісіне берілген акциялардың 5% көбін иеленген акционерлер туралы мәліметтер бар тізілімнің көшірмесі;

- Жойылуға жататын акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы к у ә л і к т і ң т ү п н ұ с қ а с ы ;

- Уәкілетті органда тіркелген эмиссия проспектісінің (шығарылым шарттары) т ү п н ұ с қ а с ы ;

- Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есептің түпнұсқасы және осы есепті бекіту (ескеру) туралы Уәкілетті органның жазбаша ескертпесі;

- Құжатты нысан шығарылымында - акцияларды жою туралы акт немесе Уәкілетті орган тіркеген акциялар үлгілерінің түпнұсқалары (егер акциялар шығарылмаған жағдайда).

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2 V980075\_қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қаулысымен.

19. Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастыру кезінде эмиссияны тіркеу үшін қосымша мыналар ұсынылады:

- Біріккенде, қосылғанда - өткізу актісінің көшірмесі, бірігу (қосылу) туралы шарттың көшірмесі және нығайту балансын қоса отырып қаржылық есеп;

- Бөлінгенде, бөлініп шыққанда - бөліну балансы;

- Қайта құрылғанда - өткізу актісі және жаңадан құрылған акционерлік қоғамның қайта құрылған күніне бухгалтерлік баланс;

- Кез келген жағдайда әрбір таратылған (қайта ұйымдастырылған) акционерлік қоғамның акциялар эмиссиясын жою туралы Уәкілетті органның жазбаша ескертпесінің көшірмесі қосымша ұсынылады.

Акционерлік қоғамды қайта ұйымдастыру туралы соттың немесе монополияға қарсы органның шешімі қабылданғанға, аталған шешімнің көшірмесі ұсынылады.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2 V980075\_қаулысымен.

20. Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есепті бекіту кезінде мыналар ұсынылады:

- Ө т і н і ш ;

- Жарғылық капиталға салымдардың толық салынғандығын растайтын құжаттар (алғашқы орналастырылған акцияларды төлеу);

- Осы шығарылымның акцияларын орналастыру нақты аяқталған (толық төлеу жүргізілгенде) тоқсанның аяғындағы қаржылық есептілік;

- Мазмұнында қоғамның тіркеушісіне берген акциялардың 5% иеленген акционерлер туралы мәліметтер бар тізілімнен үзінді-көшірме;

- Ұлттық жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдар үшін - акциялардың мемлекеттік пакетін өткізгеннен (сатқаннан) кейінгі жарғылық капиталдағы акционерлердің үлесін растайтын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департаменті аумақтық комитеттің (жекешелендіру жөніндегі комитеттің) құжаты;

- Эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- Баспа басылымның аты, орналасқан жері, нөмірі және шығарылған күнін

көрсете отырып, акцияларға ашық түрде жазылу (ашық тәсілмен орналастырылғанда) туралы хабар жарияланған басылым бетінің (оның бөлігінің )  
к ө ш і р м е с і ;

- Бағалы қағаздарды дайындауға тапсырысты орналастыруды растайтын құжаттың және осы тапсырысты төлеу туралы төлем тапсырысының көшірмесі ( құжатты нысанда шығарылғанда );

- Акциялардың эмиссиясының қорытындылары туралы есеп, екі дана (N 5 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с ) .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2 V980075\_  
қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_  
қ а у л ы с ы м е н .

21. Банктік операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен басқа ұйымдар акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде қосымша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сараптауынан өткізілген және аудиторлық қорытындымен расталған эмиссия проспектісін ұсынады. Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есепті бекіту кезінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен бас ұйымдар қосымша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті және осы есептің бекітілгендігі туралы хаттың көшірмесін ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

22. Акционерлік қоғамның атауы өзгергенде мыналар ұсынылады:

- Өтініш;

- Акционерлік қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

- Өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе акционерлердің жалпы жиналысының құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

шешімімен қоса хаттама (хаттамадан үзінді-көшірме);

- Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және Уәкілетті органда тіркелген эмиссия проспектісінің түпнұсқалары.

V980088\_

қаулысымен.

3 ТАРАУ. Акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және эмиссия қорытындылары туралы есепті бекіту үшін ұсынылатын құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар

23. Акциялар эмиссиясын тіркеу, жою және эмиссия қорытындылары туралы есепті бекіту үшін, егер осы Ережемен куәландырылған көшірмелерді ұсыну көзделмесе, Уәкілетті органға құжаттардың тек қана түпнұсқалары ұсынылады. Егер Ережеде көшірмені кім куәландырылатындығы көрсетілмесе, онда эмитенттің басшысының, бас бухгалтерінің қолдарымен және мөрімен куәландырылған құжаттың анық ксерокөшірмесі ұсынылады. Құжаттардың беттері көп болған жағдайда, егер құжат тігілмесе және қағаз пломбамен бекітілмесе, онда әрбір бет куәландырылады.

24. Құжаттарда ескертпелер жасалмаған түзетулер, сызып тастаулар,

тазартулар жасауға, түзетіліп жазылулар, қосымша жазулар (қосымша басулар) жазуға және тағы да басқаларына жол берілмейді. Түзетілген кезде сызылып тасталған жазу анық оқылу керек. Әрбір түзетулер (қосымшаға) осы құжатқа қол қойған тұлға ескерту жазу керек және тиісті мөрмен расталу керек, мысалы: "түзетілген ... дұрыс", "қосымша жазылған ... дұрыс", "сызылып тасталған ... оқылмасын".

25. Өтініштің мазмұнында мыналар болу керек:

- Акционерлік қоғамның атауы, түрі, орналасқан жері;
- Шығыс (тіркеу) нөмірі және датасы;
- Эмиссияның нөмірі және құрылымы;
- Акциялар шығарылымының нысаны;
- Есеп бекітілген кезде - эмиссияның нақты төленген сомасы;
- белгілі бір қызметті жүргізу туралы Уәкілетті органға жүгіну;
- Бірінші басшының қызметі, тегі және қоғамның мөрімен расталған

қолы;

- Тізілім ұстаушы штампының N 6 қосымша үлгісі бойынша таңбасы.

ЕСКЕРТУ. 25-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

26. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы (хаттамадан үзінді-көшірмесінің) мазмұнында мыналар болу керек:

- Акционерлік қоғамның атауы, оның орналасқан жері;
- Жиналыс өткізілген дата және орны;
- Дауыс беретін акцияларды иеленген акционерлердің жалпы саны, сондай-ақ жиналысқа қатысып отырған осындай акционерлердің саны;
- Дауыс беретін акциялардың (дауыстардың) жалпы саны, сондай-ақ жиналысқа қатысып отырған дауыстардың саны;
- Жиналысқа қатысып отырған 5% көп дауыс беретін акцияларды иеленген акционерлер туралы мәліметтер (акциялар санын көрсете отырып); заңды тұлғалар туралы - заңды тұлғаның атауы, өкілдің қызметі, тегі, инициалы, сенімхаттың нөмірі мен датасы; жеке тұлғалар үшін - тегі, инициалы, егер өкілі қатысса - сенімхаттың датасы мен нотариустың тізіліміндегі жазбаның нөмірі;
- Мазмұнында қолданылып жүрген заңдармен айқындалған мәліметтер бар осы жиналыс туралы жазбаша ескертпелер дауыс беретін акцияларды иеленген акционерлердің қанша мөлшеріне тапсырыс хатпен жіберілгендігін көрсету;
- Эмиссия құрылымы, акциялар шығарылымының нысанын, қоғамның тіркеушісі және акцияларды тарату тәртібі (акцияларға жазылу) көрсетілген отырып акциялар шығару (жою) туралы шешім. Бір акцияны жойған және басқа акцияны шығарған және қоғамды қайта құрған жағдайда акцияны айырбастау тәртібі. Хаттамада құжатты нысанда шығарылған акцияларды жоюға ұсыну мерзімі көрсетілу керек. Қоғамның негізгі қаржыларын қайта бағалау есебінен қосымша акциялар шығарылған жағдайда, оларды бөлу әрбір акционерлік қоғамның жарғылық капиталындағы үлесіне қатаң түрде сәйкестендіре отырып жүргізіледі;
- Шешімнің басқа да қажетті тармақтары (жарғылық капитал мөлшерін өзгерту және басқалар туралы);
- жарғылық капиталды қалыптастыру (көбейту, азайту) көздері;

- Шешімнің әрбір тармағы бойынша дауыс беру нәтижелері;
- Жиналыс төрағасы мен хатшысының, сондай-ақ дауыс беретін акциялардың 5% астамын иеленген акционерлердің жиналысқа қатысқан өкілдерінің қолдары;
- Акционерлік қоғамның мөрі.

Жалпы жиналыстың хаттамасымен бірге жалпы жиналысты өткізу туралы хабар жарияланған басылымның аты, орналасқан жері, нөмірі және шыққан күні көрсетіле отырып басылым бетінің (оның бөлшегінің) көшірмесі ұсынылады (қоғамның құрылтай жиналысының хаттамасын ұсынған кезде хабарландырудың көшірмесін ұсыну талап етілмейді).

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қ а у л ы с ы м е н .

27. Ұлттық жекешелендіру бағдарламасының шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдар, егер оларды құру кезінде құрылтай шартына қол қойылмаған жағдайда, акционерлік қоғамды құру және жекешелендіру жоспарын бекіту туралы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің (оның аумақтық органының) немесе оның құқықты мұрагерінің қаулысымен немесе Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет (оның аумақтық комитеті) немесе оның құқықты мұрагерімен растаған қаулының көшірмесімен (егер жекешелендіру жолымен жасалмаса) бірге тігілген жекешелендіру жоспарының көшірмесін ұсынады.

Жекешелендіру жоспарында айқындалған акцияларды бөлудің тәртібіне өзгертулер енгізгенде, сондай-ақ нақты жеке және заңды тұлғаларға (аралас тауар өндірушілерге, тауар өндірушілерге, аукциондағы сатып алушыларға және тағы да басқаларға) акциялардың мемлекеттік пакетін өткізу (сату) жүргізілген кезде, эмитент акционерлік қоғамның жарғылық қорын бөлуді (акциялардың мемлекеттік пакетін өткізгеннен немесе сатқаннан кейінгі үлесін әрбір акционердің көрсетіп) растайтын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департаменті аумақтық комитеттің құжатын ұсыну керек. Аталған құжатқа мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі (жекешелендіру жөніндегі) аумақтық комитеттің төрағасы немесе оның орынбасары қол қояды және тиісті мөрмен куәландырылады, сондай-ақ шығыс нөмірі мен күні көрсетілу керек.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қ а у л ы с ы м е н .

28. Салымдарды салуды (акцияларды төлеуді) растайтын құжаттар мыналар б о л ы п т а б ы л у ы м ү м к і н :

- Эмитенттің жарғылық капиталының бөлігін ақшалай қаражаттармен төленгендік туралы банктің басшысы, бас бухгалтері қол қойған және мөрімен куәландырылған банктің анықтамасы;



- Ақшалай салымдардың салынғанын растайтын төлем құжаттарының көшірмелері ;

- Қабылдау-өткізу актілері және мүліктік салымдардың салынғанын растайтын басқа да құжаттар (мүліктік салымдарды ақшалай бағалау аудиторлық тексерілуге жатады) ;

- Салымдардың салынғанын растайтын бастапқы құжаттар (атауы, нөмірі, күні) көрсетілген жарғылық капиталды құру туралы аудиторлық қорытынды.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қаулысымен .

29. Акционерлердің тізілімін жүргізу туралы ішкі Ереженің мазмұнында мыналар болу керек :

- Тізілімді ашу, ресімдеу және сақтау тәртібі;

- Тізілімге жазбалар енгізудің негіздері мен тәртібі;

- Тізілімнің өзінің, өткізу ұйғарымдарының, кепілдік ұйғарымдардың бірыңғай үлгілері, қол қою үлгілерінің карточкалары және тағы да басқаларының ;

- Басқа да қажетті ережелер.

Тізілімді жүргізу туралы Ереже Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес болу керек. Тізілімді жүргізу туралы Ережеге қоғамның бірінші басшысы қол қойып, мөрімен бекітіледі және акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі .

30. Эмиссия проспектісі қаржылық есептілік бірге тігіліп, эмитенттің мөрі қойылған қағаз пломбамен бекітіледі және тігілген және нөмірленген беттердің саны туралы жазба жасалады. Осы бетке қоғам Басқармасының, Басқарманың кемінде 2/3 мүшесі қол қойған және қоғам мөрімен бекітілген отырып хаттамасының нөмірі мен күнін көрсете отырып, эмиссия проспектісін бекіту туралы жазбасы жазылады .

Ашық акционерлік қоғамдар акциялар эмиссиясын тіркеу кезінде N 2 қосымша үлгісі бойынша эмиссия проспектісін ұсынады.

Эмиссия проспектісіндегі мәліметтер эмиссия проспектісіне қоса тіркелген соңғы бухгалтерлік есептілік құрылған датаға сәйкес келу керек. Аталған дата " эмиссия проспектісінің (шығарылым шарттарының)" датасы деп аталады.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.02.06. N 2 V980075\_қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8 V980088\_қаулысымен .

31. Акционерлік тізілімнен үзінді-көшірменің мазмұнында мынадай мәліметтер болу керек :

- Жай акциялардың саны және оларды иеленуші акционерлердің саны;

- Артықшылықты акциялардың саны және оларды иеленуші акционерлердің с а н ы ;

- Акциялардың 5% көбін иеленген акционерлердің, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың жарғылық капиталдағы үлесі туралы мәліметтер.

Үзінді-көшірмеде тіркеушінің шығыс нөмірі, датасы, атауы және

орналасқан жері болу керек. Үзінді-көшірмеге лауазымды тұлға қол қояды және тіркеушінің мөрімен куәландырылады.

Үзінді-көшірме эмиссия проспектісінің мазмұнындағы мәліметтер ұсынылған күні жасалады. Акциялар эмиссиясының қорытындылары туралы есепті

бекіткенде, үзінді-көшірме бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған күні жасалады.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1998.06.24. N 8

V980088\_

қаулысымен.

32. Құжатты нысан шығарылымының акцияларын жойғанда акцияларды жою туралы акт жасалады.

Актінің мазмұнында мыналар болу керек:

- Қоғамның атауы және орналасқан жері;
- Акциялар жойылған дата және орны;

- Акцияларды жою туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының датасы және нөмірі, эмиссияның нөмірі мен құрылымы, эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің датасы мен нөмірі;

- Акцияларды дайындау жөніндегі тапсырысты кім және қашан орындағандығы туралы мәліметтер;

- Жойылған акциялардың саны, түрі, ҰИН;

- Акцияларды жоюдың тәсілі;

- Комиссия мүшелерінің қызметтері, тектері және қоғамның мөрімен б е к і т і л г е н қ о л д а р ы .

Құрамына қоғамның бірінші басшысы, бас бухгалтері, тексеру комиссиясының төрағасы және бақылау кеңесінің төрағасы енгізілген комиссия

мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауға тиіс.

Егер жойылуға жатқызылған акциялардың барлығы бірдей жойылмаса, онда актіде қалған акциялардың санын, түрін, ҰИН және рет санын көрсете отырып, ол акцияларды заңсыз деп тану туралы жазба жүргізілу керек. Бұл жағдайда актіге акцияларды жою туралы шешім жарияланған басылым бетінің (оның бөлшегінің) көшірмесі қоса тіркелу керек (акцияларды жоюға ұсынылатын мерзім шешім жарияланған күннен бастап үш айдан кем болмауға тиіс).

